

SOCIOLOGICAL SCIENCES

УДК. 646.358 45

Ерденова А.М.*Бейнелеу өнері кафедрасының аға оқытушы, PhD.**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*[DOI: 10.24412/2520-6990-2024-13206-78-82](https://doi.org/10.24412/2520-6990-2024-13206-78-82)

ТҰРАҚТЫ СӘН - ЖАСЫЛ БОЛАШАҚ

Ерденова А.М.*Старший преподаватель кафедры Изобразительного искусства, PhD.**Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави*

УСТОЙЧИВАЯ МОДА – ЭТО ЗЕЛЕНое БУДУЩЕЕ

Yerdenova A.M.*Senior Lecturer of the Department of Fine Arts, PhD.**Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University*

SUSTAINABLE FASHION IS A GREEN FUTURE

Аңдатпа.

Тұрақты сән - бұл сән индустриясындағы жылдам сән тәсіліне қарсы дамыған және экологиялық тұтастық пен әлеуметтік әділеттілікті қорғау арқылы сән өнімдері мен жүйелерін өзгертуге бағытталған қозғалыс. Бүкіл әлем тұрақты сән, жасыл болашақ үшін дабыл қағуда болғанымен, Қазақстанда бұл жайында көп жағдайда әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында айтылып жатқанымен, ғылыми тұрғыда қазақ тілінде аз зерттелуде. Осы мәселе негізінде, бұл жұмыстың мақсаты экологияға зардабын тигізбейтін тұрақты сәнді қолдай отырып, жасыл болашақ үшін тұрақты сәннің дамуына үлес қосу болып табылады. Тұрақты сәнді қабылдау арқылы экологиялық және әлеуметтік жауапкершілікпен үйлесімді өмір сүретін болашаққа жол ашылады. Мақала соңында тұрақты сәнді ілгерілету үшін кейбір ұсыныстар берілген.

Аннотация.

Устойчивая мода — это движение, которое развилось вопреки подходу быстрой моды в индустрии моды и направлено на преобразование модных продуктов и систем путем защиты экологической целостности и социальной справедливости. Хотя весь мир бьет тревогу за устойчивую моду и зеленое будущее, в Казахстане об этом часто говорят в социальных сетях и СМИ, но научно это не изучается на казахском языке. Исходя из этого вопроса, цель данной статьи — внести вклад в развитие устойчивой моды для более зеленого будущего путем поддержки устойчивой моды, которая не наносит вреда окружающей среде. Принятие устойчивой моды прокладывает путь к будущему жизни в гармонии с экологической и социальной ответственностью. В заключение статьи приводятся некоторые предложения по продвижению устойчивой моды.

Abstract.

Sustainable fashion is a movement that has developed in opposition to the fast fashion approach of the fashion industry and aims to transform fashion products and systems by protecting ecological integrity and social justice. Although the whole world is sounding the alarm for sustainable fashion and green future, in Kazakhstan it is often talked about in social media and mass media, but it is not scientifically studied in Kazakh language. Based on this issue, the aim of this article is to contribute to the development of sustainable fashion for a greener future by supporting sustainable fashion that does not harm the environment. Adopting sustainable fashion paves the way for a future of living in harmony with environmental and social responsibility. The article concludes with some suggestions for promoting sustainable fashion.

Кілт сөздер: Сән, тұрақты сән, тұрақтылық, экологияны қорғау, жасыл болашақ.**Ключевые слова:** Мода, устойчивая мода, устойчивость, защита окружающей среды, зеленое будущее.**Keywords:** Fashion, sustainable fashion, sustainability, environmental protection, green future.**I. Кіріспе**

Тұрақты сән киімді өндіруге, тұтынуға және кәдеге жаратуға экологиялық және әлеуметтік жауапкершілікті ескере отырып, тұтас көзқарасты білдіреді. Ол сән индустриясының қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайтуға, сондай-ақ өндіріс

процесіне қатысатын адамдардың еңбек жағдайлары мен әл-ауқатын жақсартуға бағытталған.

Бұл тұжырымдама киім өндірісінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін және де жұмысшылардың лайықты жалақысы мен қауіпсіздігі сияқты әділ

еңбек жағдайларын жақтайды. Табиғат ресурстарын жауапкершілікпен пайдалануды, қалдықтарды барынша азайту және аз әсер ететін материалдар мен өндіріс формаларын таңдауды қарастырады.

Қазіргі уақытта мұнай өңдеу өнеркәсібінен кейін суды ең көп ластайтын екінші сала - сән индустриясы. Ниинамаки және басқаларының [1, 189 б.] мәліметіне қарағанда, сән индустриясы судың негізгі тұтынушысы болып табылып (жылына 79 триллион литр), тоқыма өңдеуден және бояудан болатын өнеркәсіптер судың ластануының ~ 20%-ын, мұхиттық микропластикалық ластанудың ~ 35%-ын (жылына 190 000 тонна) құрайды екен.

Игини [2] болса, жыл сайын өндірілетін 100 миллиард тігін бұйымдарының 92 миллион тоннасы қоқыс полигонына жіберілетіндігін айтады. Жағдайды перспективаға келтіретін болсақ, бұл киім-кешекке толы қоқыс көлігінің баламасы әр секунд сайын полигонға түсетінін білдіреді. Егер дәл осылай жалғаса берсе, онжылдықтың соңына қарай жылдам сән қалдықтарының саны жылына 134 миллион тоннаға дейін өсуі мүмкін.

Бүкіл әлем тұрақты сән, жасыл болашақ үшін дабыл қағуда болғанымен, Қазақстанда бұл жайында көп жағдайда әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында айтылып жатқанымен, ғылыми тұрғыда қазақ тілінде аз зерттелуде. Осы мәселе негізінде, бұл жұмыстың мақсаты экологияға зардабын тигізбейтін тұрақты сәнді қолдай отырып, жасыл болашақ үшін тұрақты сәnniң дамуына үлес қосу болып табылады.

II. Тұрақты сән

2.1. Тұрақты сәнге деген қажеттілік

Брундленд дүниежүзілік қоршаған орта және даму комиссиясы (Біріккен Ұлттар Ұйымы 1987) анықтағандай, тұрақтылық «болашақтың қажеттіліктерін бұзбай, қазіргі қажеттіліктерді қанағаттандыратын даму». Тұрақты сән дегеніміз адамдарға, жануарларға және планетаға әділетті қарым-қатынасты құрметтейтін және ұзақ уақытқа созылатын жоғары сапалы киімдерді сатып алуды білдіреді, сонымен қатар біз сатып алатын киімнің қайдан келетінін және киімімізді кім жасағанын түсіну арқылы саналы сатып алуға ықпал етеді [3, 8 б.]. Тұрақты сән - бұл сән индустриясындағы жылдам сән тәсіліне қарсы дамыған және экологиялық тұтастық пен әлеуметтік әділеттілікті қорғау арқылы сән өнімдері мен жүйелерін өзгертуге бағытталған қозғалыс. Бұл өнімге ғана емес, сонымен қатар сән байланыстырылатын әлеуметтік, мәдени, экологиялық және қаржылық жүйелерге де қатысты көзқарас.

2.2. Тұрақты сән принциптері

Тұрақты сәнді қалыптастыруда 4 жақты принципті қолға алуға болады:

1. Табиғи және адами ресурстарды жауапкершілікпен пайдалану.

Тұрақты сәнді қабылдау арқылы көміртектің азаюын қамтамасыз етуге болады. Тұрақты сән әдетте экологиялық таза материалдар мен

өндірістік процестерді пайдалануды қамтиды, бұл әдеттегі сәнмен салыстырғанда көміртегі шығарындыларының төмендеуіне әкеледі. Сонымен қатар, ресурстарды сақтай отырып, қайта өңделген материалдарды пайдалануды ынталандыру және қалдықтарды азайту арқылы тұрақты сән су, жер және шикізат сияқты табиғи ресурстарды сақтауға ықпал етеді.

Тұрақты сән жұмысшылардың әділ жалақы алуын және қауіпсіз және этикалық жағдайларда жұмыс істеуін қамтамасыз ететін әділ еңбек тәжірибесіне басымдық береді. Этикалық стандарттарды ұстана отырып, тұрақты сән қанау, балалар еңбегі және қауіпті жұмыс ортасы сияқты әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектеседі. Осылайша әділ еңбек тәжірибесі, еңбек жағдайларының жақсаруы секілді этикалық әлеуметтік еңбек тәжірибесін жақсартуға болады.

2. Текстиль өнімдерінің екінші өмірі. Тұрақты сән текстиль бұйымдарының өмірлік циклін ұзартуға ұмтылады.

Тұрақты сән қалдықтарды азайту үшін жаңарту немесе қайта өңдеу сияқты тәжірибелерді ілгерілететін айналмалы экономика принциптерін қамтиды. Бұл неғұрлым жабық жүйеге ықпал етеді. Айналмалы сән тәжірибесін қабылдау жаңа шикізатқа жалпы сұранысты азайтуға көмектеседі, ресурстарды тиімді пайдалануға және ресурстарды неғұрлым тұрақты пайдалануға ықпал етеді.

Айналмалы сән тәжірибесін іс жүзінде қолданып жүрген әлемдік брендтердің бірі H&M. Бұл брендтің киімдері сатылатын дүкендерге ескі киімдерді өткізу арқылы, жаңа киім алуға 15 пайызға дейін жеңілдік беріледі. Мұнда қабылданған киімдер Германияға қайта өңделуге жіберіледі. Осылайша ысырапқа жол бермей, әрі жаңа тауарға жеңілдік алу мүмкіндігі болады.

3. Қалдықтарды қайта өңдеу.

Сән индустриясы өндірісті тоқтатудан бастап сатылмаған тауарлық-материалдық қорлар мен жарамсыз тігін бұйымдарына дейін қоқыстардың едәуір мөлшерін тудырады. Бұл, қалдықтарды басқарудың тиімді стратегияларын әзірлеу, айналмалы экономика тәжірибесін ілгерілету және тоқыма бұйымдарын қайта пайдаланудың немесе қайта өңдеудің инновациялық жолдарын табу маңызды міндеттер болып табылады.

Бұл қиындықтарды шешу сән брендтерінің, тұтынушылардың, саясаткерлердің және басқа да мүдделі тараптардың қатысуымен бірлескен күш-жігерді қажет етеді. Тұрақты сән индустриясына көшу өндірістік процестер мен материалды таңдаудан тұтынушылардың мінез-құлқы мен салалық ережелерге дейінгі жүйелі өзгерістерді қамтиды.

4. Сатып алудың орнына жөндеу.

Жаңадан жобаланған немесе жаңадан өндірілген киімдер әдетте қандайда бір мағыналық қасиеттерді қамтиды: осылайша, киімнің тарихи және заманауи ерекшелігі болады. Second hand киім өзгеру процесінен өткенде, киімнің өткен өмірі бүгінгі күнге қолайлы нәрсеге айналады.

Репродукциялық дизайн - бұл оңай жол емес, бірақ нәтижесінде бірегей киім шығады. Қайта дизайн және қайта өңдеу арқылы киімнің өмірлік циклін ұзартуға, қажетсіз тоқыма өндірісін бәсеңдетуге, сақтау сыйымдылығын азайтуға және киімді қайта жобалау мен өндіруге тоқыма өнеркәсібіне тұрақтылық әкелуі мүмкін. Осылайша киімнің өмірлік циклін ұзартуға және қоршаған ортаға және табиғи ресурстарға кері әсерін азайтуға болады. Сонымен қатар, қойма сыйымдылығын азайту тоқыма өнеркәсібіндегі маңызды қадам болып табылады. Сұраныстарды азайту да тұтыну әдеттерін өзгерту арқылы орнықты әлемге бағытталған маңызды қадам болып табылады [4, 126 б.].

Ниинимаки мен Хасси [5] неғұрлым тұрақты өнімдерді жобалау аясында өнімнің қызмет ету мерзімін ұзартатын дизайн стратегияларын талқылаған. Олар өнімді жартылай фабрикат ретінде жобалау және пайдаланушыға киімнің қалған бөлігін аяқтауға мүмкіндік беру арқылы, киімді жекелендіру арқылы адам мен киім арасында арнайы байланыс жасау арқылы киімді ұзағырақ пайдалануға болады деп мәлімдеді. Олардың мәлімдеуінше өнімнің бастапқы нұскасына толықтырулар немесе жаңартулар енгізуге мүмкіндік беретін модульдік өнімдерді жобалау киімнің қызмет ету мерзімі ұзарады. Сондай-ақ жоғары сапалы және жоғары этикалық құндылықтары бар ұзақ мерзімді өнімдерді баяу сән әдісімен берік және тұрақты материалдарды пайдалану арқылы шығаруға болады. Сандық басып шығару, кесте тігу және лазерлік кесу машиналары мен цифрлық тоқу машиналары тұтынушылардың жеке қалауы мен қажеттіліктерін жүзеге асыруға кең мүмкіндіктер беретіні және жекелендірілген өндірістің жасалуы мүмкін. Бұл әдістердің көмегімен өнеркәсіптік ауқымдағы өндіріспен салыстырғанда материалды пайдалану барысында үнемділікке қол жеткізіледі. Одан әрі өндіріс орнына тек бар тапсырыстар негізінде өнім шығарылады. Өнімді жөндеу, өзгерту немесе жалға беру сияқты қызметтерге ие болу өнімді ұзақ уақыт пайдалануға мүмкіндік береді [6, 373 б.].

2.3.Тәжірибедегі тұрақты сән

Көптеген әлемге әйгілі брендтер upcycling, downcycling секілді қалдықтарды қайта өңдеу стратегиялары тұрғысынан тұрақты сәнді қабылдады. Timberland, Nike, Adidas, Cos, Lanvin, Chanel, Patagonia, Puma, Moschino, Hermes, H&M, North Face, Marks & Spencer, Louis Vuitton сияқты көптеген сән брендтері биологиялық тоқыма өндірісін дамытуға үлес қосуда [4, 128 б.].

2017 жылдан бері Asos, H&M, Burberry және Nike сияқты 39 негізгі сән брендтері Textile Exchange компаниясының "2025 Sustainable Cotton Challenge" бағдарламасына қосылды; және 2025 жылға қарай 100 пайыз тұрақты мақта өндірісіне қол жеткізуге уәде берді, бұл киімдерді қол жетімді етеді. Табиғи талшықтардың барлық дерлік түрлерін, соның ішінде мақта, зығыр, мамық және жүнді органикалық және неғұрлым тұрақты алмастырғыштар дүние жүзіндегі бөлшек сауда орындарында дәл осылай қолжетімді бола бастады [7].

Жер шарындағы экологиялық жағдайларға бей-жай қарамайтын бір топ жас Pieler командасы болып құрылып, өздерінің стартап жобаларын іске асыруда. Олардың отандық «Pieler» эко-брендті экологиялық проблемаларға негізделген. Бұл брендтің ерекшелігі – киімдер қайта өңделген пластиктен тігіледі.

Бұл жастар Қазақстандағы қалдықтарды сұрыптау бойынша жағдайды жақсы жаққа өзгертуге болатынын дәлелдеу үшін құлшыныс танытуда. Жас кәсіпкерлер жасыл бизнесті дамытып, қайта өңделген материалдардан сәнді киімдер мен аксессуарлар өндіруді қолға алып отыр. Олардың айтуынша, бір футболканы тігу үшін 4-5 пластик бөтелке керек екен. Бұл дегеніңіз, сіздің екі күнде ішкен суыңыздың бөтелкесі қоқысқа емес, бір футболканы тігуге кетеді дегенді білдіреді. Pieler командасы қоғамдағы екі проблеманы шешіп отыр. Оның біріншісі, экологиялық проблема болса, екіншісі жұмыссыздық проблемасы. Pieler киімдерін тігу үшін жұмыссыз жүрген қаншама әйелдер тігінші ретінде жұмысқа алынған.




1-сурет. Pieler эко-брендiнiң өнiмдерi

Тұрақты сән тұжырымдамасы көптеген сегменттерден қалыптасады. Бүгінгі таңда ең көп таралғаны - «тұрақты сәнді» дамытатын қалдықсыз геометриялық пішіндегі киімдерді жобалау әдісі. Костюмді жобалаудың бұл әдісі дизайнерлер үшін форма, пропорциялар мен сызықтар туралы

көзқарасты дамыту құралы ретінде ғана пайдалы емес, сонымен қатар қоршаған ортаға да айтарлықтай оң әсер етеді. Жобаланып отырған киім үлгілері шаршы, тіктөртбұрыш, шеңбер немесе үшбұрыш секілді белгілі бір кесу саны бар жаңа пішіндер жасауға және ойластырылған

модельді материалға қалдықсыз енгізуге мүмкіндік береді. Осындай әдістердің бірін Карелдің [8] жүргіздірген зерттеулерінен көруге болады (2, 3-сурет). Көптеген дизайнерлер үшін костюм

дизайнының бұл әдісі тұрақты сән стандарттарын қолдайтын шығармашылық жұмыс болып табылады.



2-сурет. Тұрақты сән үшін жобаланған киім үлгілерінің техникалық суреті [8, 119 б.]



3-сурет. Тұрақты сән үшін жобаланған киім үлгілері [8, 121 б.]

III. Қорытынды

Қорыта айтқанда, тұрақты сән саласының ең оңтайлы жолы шағын партиялармен өнім шығаратын шағын бизнесті қолдау арқылы, нарықты толтыруды жүзеге асыру. Бұл мысал жылдам сән идеяларымен күресу және тұтастай алғанда саланы жандандыру жолы болып табылады. Жасыл болашақ үшін киім стилінде бұйымның қалыптары қарапайым, геометриялық пішімдерден болған жағдайда, мейлінше қалдықпен өнім дайындауға болады.

Тұрақты сән жасыл болашаққа қарай кеңірек қозғалыстың ажырамас құрамдас бөлігі. Ол қоршаған ортаға, қоғамға және планетамыздың жалпы әл-ауқатына кең ауқымды оң әсер ететін жауапты және саналы таңдауларға баса назар аудара отырып, эстетикадан асып түсетін парадигманың өзгеруін білдіреді. Тұрақты сәнді қабылдау арқылы экологиялық және әлеуметтік жауапкершілікпен үйлесімді өмір сүретін болашаққа жол ашылады.

Сән индустриясындағы тұрақтылықты ілгерілету жеткізу тізбегінің әртүрлі аспектілері бойынша инновациялық шешімдерді қабылдауды қамтиды. Тұрақты сән шешімдері мен инновациялары бойынша кейбір ұсыныстар:

Материалдық инновация: Балама маталар: био негізіндегі маталар, өсімдік негізіндегі былғарылар және қайта өңделген немесе қайта өңделген материалдардан жасалған тоқыма бұйымдары сияқты тұрақты және экологиялық таза материалдарды әзірлеуге және пайдалануға инвестициялау. **Зертханада өсірілген маталар:** Ауыл шаруашылығы мен өндірістің қоршаған ортаға әсерін азайта отырып, дәстүрлі тоқыма бұйымдарына балама ретінде зертханада өсірілген немесе мәдени материалдардың мүмкіндіктерін зерттеу.

Дөңгелек сән тәжірибесі: Жабық циклдік жүйелер: материалдарды жаңартуды немесе қайта өңдеуді жеңілдету үшін пайдалану мерзімінің аяқталуын ескере отырып өнімдерді жобалау арқылы айналмалы экономика тәжірибесін енгізу.

Қайтарым алу бағдарламалары: тұтынушылар ескі киімдерді қайта өңдеуге қайтара алатын, жауапты кәдеге жаратуды ынталандыратын қайтарып алу бағдарламаларын енгізу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Niinimäki K., Peters G., Dahlbo H., Perry P., Rissanen T. & Gwilt A. The environmental price of fast fashion // *Nature Reviews Earth Environment*, – 2020. – Volume 1. – P. 189-200. DOI: 10.1038/s43017-020-0039-9
2. Igini M. 10 Stunning Fast Fashion Waste Statistics. Earth.Org, 21.08.2023. <https://earth.org/statistics-about-fast-fashion-waste/> (Қол жеткізілген уақыты: 07.11.2023).
3. Evelyn M. Consumer behaviour towards sustainable clothing. – 2021. – P. 48. https://www.researchgate.net/publication/351023167_Consumer_behaviour_towards_sustainable_clothing
4. Paralı A. Sürdürülebilir Moda Tasarımı Kapsamında Yeniden Üretim ve Geri Dönüşüm için

Giyisi Tasarımı // *Sosyal Araştırmalar ve Davranış Bilimleri Dergisi*. – 2020. – № 6 (12). – P. 121-138.

5. Niinimäki K. & Hassi L. Emerging Design Strategies In Sustainable Production and Consumption of Textiles and Clothing // *Journal of Cleaner Production*. – 2011. № 19. – P. 1876-1883.

6. Yücel S; Tiber B. Hazır Giyim Endüstrisinde Sürdürülebilir Moda // *Tekstil ve Mühendis*. – 2018. – № 25 (112). – P.370-380.

7. Erkan Ü. A. Sürdürülebilir Moda: Modanın Çevresel Etkileri. 3.12.2020. <https://www.ajansbenice.com/post/surdurulebilir-moda-modanin-cevresel-etkileri> (Қол жеткізілген уақыты: 30.04.2024).

8. Karel E. Planned Continuity: Multi-Life Garments Through Modular Structures & Supplemental Services / Ed. Kirsi Niinimäki. *Sustainable Fashion: New Approaches*. – Helsinki, Finland: Unigrafia, 2013. – P. 110-123.